

УДК 82.0

Ысқақұлы С.

Іле педагогикалық университетінің доценті, ф.ғ.к, Құлжа, ҚХР

ҚЫТАЙ ТАЯУ ЗАМАН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФОЛКЛОРЛЫҚ ҮЛГІ

Аңдатпа: Мақалада Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақындардың үлгі алған үлкен мектебінің бірі - халық ауыз әдебиеті болғаны, яғни олардың халық әдебиетінің өшпес өнегесін терең түсіне, одан тәлім ала отырып шығармашылығын байытқаны, шығармаларында ажарлы айшықтардың ғасырлар сүзгісінен өткен халық поэзиясының үлгі-өрнегімен ұштасып жататыны қарастырылады.

Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақындардың үлгі алған үлкен мектебінің бірі - халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген халық ауыз әдебиеті. Халықтың көркемдік ақыл-ойының жемісі саналатын фольклордан нәр-көрек алмаған бірде-бір ақын жоқ десек те болады. Олар негізінен халық ауыз әдебиетімен ауызданды, соның топырағында өсті. Олардың жасампаздығы халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болды. Олар ең алдымен халық ауыз әдебиеті туындыларын әсіресе халық өлең-жырларын қаршадайынан жаттап үйреніп, содан нәр қабылдады, шабыт алды, соның бесігінде өсіп-жетілді.

Кілт сөздер: фолклор, поэзия, халық ауыз әдебиеті.

Ақындар шығармаларында ажарлы айшықтардың ғасырлар сүзгісінен өткен халық поэзиясының үлгі-өрнегімен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес.

Ақыттың «Жаксы қатын мен жаман қатын» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Қарақас, жазық маңдай, қарақозді,

Бұралған тал шыбықтай жісмсақ сөзді,-

десе, Көдектің «Ақмарқа» атты өлеңінде:

Ақмарқа аққу құстың мамығындай,

Терісі піскен алма қабығындай.

Ақ бетің, айдай көркің, қара шашың,

Пері мен перизаттың аруындай,-

деп суреттейді. Ал ақын Таңжарық Салихан қызды:

Міні жсоқ он төртінде туған айдай,

Шырын соз, қарақат көз, күміс маңдай.

Немесе:

Шалқаласып кетеді жсанталасып,

Буын босап аққудай мойнын иіп,-

деп сипаттайды. Бұған қарағанда ақындар көбінесе сүйген жар, сұлу қыз бейнесін суреттегенде фольклорлық шығармаларда бұрыннан келе жатқан көркемдеу құралдарына (эпитет, теңеу) сүйенген. Мұның бәрі де ару қыздың тал бойынан табылатын сұлулығын айқындап аша түскен. Ал ер-азаматтарды қыран құстармен салыстырған. Мысалы:

Ақсұңқардай түлеген,

Тұяғын тасқа білеген

Ер жігіттің сол болар...

(Ақыт)

Арасын қалың шоптің көктей отіп,

Жалтақтап лашындай мойнын созып...

(Таңжарық)

Ақсұңқардай ұшқыр қып,

Құдай- ақ артық жаратқан...

(Көдек)

*Туар ма Демежандай қайтпас қыран,
Асқанда дар басына именбеген...*

(Өріпжан)

*Кейбір жігіт қаршыға,
Зырлап ұшар қарсыға.*

(Арғынбек)

Сұлу қыздарды аккумуля, ер жігіттерді қыран күстарға теңейтін мұндай мысалдарды көптен келтіруге болады. Алайда біз бірнеше ақындардың әр түрлі өлеңдерінің бір-бір ғана мысал келтірумен шектелдік. Мұндай халықтық поэзияға тән құралдар жоғарыдағы ақындар шығармасында жақсы жарасымдылық тапқан. Ержігіт бейнесін қыранмен, ару қызды аккумуля салыстыру қазақ және басқа түркі тілдес елдер ғана емес, көптеген халықтардың әдеби нұсқаларында, ауыз әдебиетінің ежелгі, ескі туындыларында кездеседі. [1, 30-6]

Ақындар көркемдік бейнелеу құралдарын қолданғанда халықтық үлгідегі ажар айшықтарға ден қойып, оны өздерінің шығармаларында пайдаланған. Халық поэзиясының дәстүріне сүйеніп отырып дамытқан.

Мақал-мәтел аз сөзге көп мағына сыйдырып, айтар ойды образды түрде ажарлап, өткір де өтімді жеткізетін кестелі сөз. Сондықтан мақал-мәтелдер ауыз екі сөзді әсерлі жеткізуде ғана емес, көркем шығармаларда да көп қолданылады. Осы ерекшелік біз сөз еткен жоғарыдағы ақындардың өлең жырларында да сақталған. Олар өз шығармаларының идеялық-көркемдік қуатын арттыру мақсатында кейде мақал-мәтелдерді таяныш, тірек етіп, сол арқылы айтпақ ойларын ұштай түскен.

Бұрынғыдан үлгі бар,

«Таланты ерге нұр жауар»

«Ерінбеген екі асар» ,

Еңбекпен көпке сол жағар,-

дейді Ақыт «Елу төртінші тақта сөзінде» .

Мұнда ақын екі мақалды қатар қолданған. Екі мақалда логикалық жақындық қосыла келіп, автор ойын жинақы түйіндеуге мүмкіндік тудырған.

Осы сияқты халық даналығы тудырып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болған мақал-мәтелдерді пайдалануды басқа ақындар да көркем тәсіл еткен. Мәселен:

«Болса да қырық жыл қырғын ажалды өлер»

Деген шын тағы айналып келдім міне

(Танжарық)

Біз келдің алдыңызға ақыл сіз ден,

Мақал бар «бөрі азығы- түзден» деген

(Арғынбек)

«Жағың түспей жамандық көрме» деген,

Әшейін айта салған сөз екен зой

(Өріпжан).

Ақындар кейбір мақал-мәтелдерді бұрынғы айтылған калпында қолданса, кейде оны өз өлеңдерінің формасына қарай өзгертіп, қысқартып мағынасын ғана сақтағанын байқаймыз. Ақыт ақын «Келейдің бір тойғаны шала байығаны» деген мақалды «Бір тойған шала байлық,- деген қазақ» деп қолданса, Көдек «Алтау ала болса ауыздағы кетеді» деген мақалды «Алдырар ала болса деген мақал» түрінде айтады. Сондай-ақ, Арғынбек Апащайұлы:

Жау жағада алғанда

Бөрі етекпен тақымдар.

Күн көре алмай барады,

Сорлы қазақ пақырлар,-

дейді. Мұндағы «жау жағада алғанда бөрі етекпен алалы» дейтін халық даналығының екінші тармағы «бөрі етекпен тақымдар» деп сәл өзгерткен.

«Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды» деген мақалды Әріпжан Жанұзақұлы біраз өзгертіп, тұтас өлең жолдарына айналдырған.

*«Құдыққа құлан жығылса,
Құлағында қолбақа
Ойнайды»,- деген осы да.
Болмаса халық аузындағы...*

*Білімді өлсе
Қағазда хаты қалар,
Ұста өлсе, артында
Істеген заты қалар,-*

деген мақал негізінде Ақыт:

*... Патиалардан тақ қалар,
Мергендерден жақ қалар
Ұсталардан тат қалар,
Ғалымдардан хат қалар.
Ақыл серік асылдан
Айтын жәуірер ат қалар,-*

деген ақыл, өнеге боларлық өлең жолдарын тудырған.

Ақындар өздерінің айтпақ ойларына мағыналары сәйкес келетін мақал-мәтелдерді ғана таңдап-талғап пайдаланып отырған. Кейде өз пікірлерінен ұзақ сонар түсіндірмей-ақ қағидаға айналған бейнелі көркем сөз арқылы ұтымды жеткізген. Сол арқылы шығармаларының идеялық-көркемдік өткірлігін арттырып, түйдек ойды түйіндеп отырған.

Шыңжаң қазақ жазба әдебиетінің өкілдері кейбір шығармаларында бұрыннан келе жатқан халық ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі мотивтерді сақтаған, яғни белгілі мақсатқа, кәдеге жарата білген. Таңжарық Жолдыұлының «Садық пен Салихан» дастанынан бұл анық байқалады.

Эпостық жырларда баласыз ата-ананың мұң-зарына құлақ асып, олардың тілегінің қабыл болуына әулиелер көмектеседі. Сонын бірі - Шашты Әзиз. «Алпамыс батыр» жырында сексен жасқа келген Байбөрі мен Аналыққа

*Менің атым Шашты Азиз,
Қыламын десең ықылас.
Жарылқады жсартқан,
Ей бейшара, көзіңді аш!-*

деп олардың бір ұл, бір қызы болатынын айтады.

Осы сарын Таңжарықтың «Садық пен Салихан» дастанында кезігеді. Екі қыз (Салихан, Сағихан) боранды күні адасып далаға қонады. Түнде Салиханның түсіне ақсақалды шал кіреді, жол сілтейді.

*Бұдан соң қылма балам, қайғы мен зар,
Қаиан болса боламыз біз саған жсар.
Бір атың шылбырына оралып тұр,
Менің атым Шашты Әзиз тез тұрып бар,-*

деп аян береді. Сөйтіп екі қыз таңертең тұрып оралып жатқан атын шешіп, әулиенің айтқан жолымен жүреді. Іздеушілерге жолығып ауылына аман-есен жетеді. Эпостық жырлардағы бұл мотивты орынды пайдаланған. Эпикалық жырларды үлгі-өнеге тұтқан.

Ақындық пен шешендікті егіз өнер ретінде бағалаған халық қадырсыз сөзді қажет етпесе, орайы келгенде оңтайлы айтылған сөзді жадында сақтаған. Одан үлгі алған, үйренген. Әсіресе, ақын-жыраулар поэзиясында шешендік сөздің үлгі өрнегі көп. Ақыт пен Таңжарық та әрі ақын әрі сөзге ұста шешен де болған адамдар. Сондықтан бұлардың кейбір өлең-толғауларында шешендік сөз бен поэзияда астасып жатады. Ақыттың «Ал жарандар тыңдай бер» толғауында мынадай жолдар бар.

Наданның көрген қорлығың,

*Иімі өткізер түзбен тең.
Жеке басы жақсының.
Бір де болса жүзбен тең.
Әділетсіз заң- жсарлық
Көкіректегі шермен тең.
Қайғысыз болса қара қос,
Тар да болса кеңмен тең.
Жаңға жылы жақсы сөз,
Жүрекке ыша еммен тең,-*

деп басталатын толғауда жамандық пен жақсылықты салыстыра жырлаған. Кісілік, адалдық, қадір-қасиет насихатталады. Жақсылықты саралап көрсетеді. Мұндай шешендік үлгіде жырланған өлеңдер Арғынбек пен Таңжарықта да баршылық. Таңжарықтың «Бір мысал» өлеңінде былай термелейді:

*Атты сұлу көрсеткен,
Аяғындағы тағасы.
Жігіті мықты көрсеткен
Алдындағы ағасы.
Иікті сұлу көрсеткен,
Қара бұйра жағасы.
Келішекті сұлу көрсеткен,
Құшағындағы баласы...
Қызды сұлу көрсеткен,
Тамағындағы танағы.
Ай да болар күннен соң.
Күн де болар түннен соң,
Құлпырып тұрған бәйшешек
Құрай болар солған соң.*

Бұл өлең келелі ойдың кесімді тұжырымындай әсер қалдырады. Халық даналығының негізінде қортылып, шұбырта баяндаған шешендік сөздің өрнек үлгісін бірден аңғаруға болады. Ақындық пен шешендік қабысып келген қатар өнер екендігі де белгілі.

Аталған ақындар шығармаларында шешендік нақыл, толғау және қоштасу, жоқтау үлгісінде жазылған өлеңдер де бар. Ақыт жас кезінде жаңа түскен келіннің бетін ашып беташар өлеңін жазса, «Хош бол, Боқай» - оның жоқтау үлгісіндегі өлеңі. Ақын мезгілсіз қайтыс болғаннан әйелінің қазасына қайғырады. «Жүрегін ашытқан, сүйегін жасытқан» өлімнің өкініші көп екенін айта келіп, ата-ана мен бала-шағаны сабырлық сақтауға шақырады.

*Тірі де басым қарманған,
Не бітеді арманшап.
Қайран ғазиз дос жарым
Жарламда өтті жасалғаннан,-*

деп жанына жара салған қазаға өкінеді. «Қайран ғазиз дос жарым» деген сөз ақын жұбайының адамгершілік болымысын аша түскен, қайтыс болған адамның жақсы қасиеттерін айту жоқтаудың негізгі бір шарты екені белгілі. Ақынның Боқайды жоқтаған өлеңінен халық ауыз әдебиетінің әсер ықпалын аңғару онша қиын емес.

Мұндай жоқтау өлеңдері Көдек ақында көп жазған «Бір жалқы жігітке шығарылған дауыс», «Бір қыздың дауысы», «Дегенбайдың дауысы», «Осы заман пендеге», «Сәрсенбайдың дауысы» өлеңдерінің қай-қайсысында да қайтыс болған адамның тіршілігіндегі жақсы қасиеттеріне баса назар аударған. Мәселен, Сәрсенбайды жоқтағанда оның ақылдылығын, қайырымдылығын, өнеге ете айтады. Тіпті арғы аталарын да таныстырып, солардан бері үзілмей келе жатқан кісілік бар екенін ескертеді. Мұнан кейін өмірдің өтпелілігіне, Сәрсенбайдың жұртқа үлгі жан екеніне тоқтала келе:

*Толған айдай халқыңа,
Әр қашан түскен жсарығың.
Қырғыз, қазақ ішінде
Екпінді болған арыңың.
Серпілмеген сескеніп,
Қорғасындай ауырым, -
Бір- ақ күнде тиылды- ай
Соғып тұрған дауылым.
Жаратқан Алла жсар болып,
Жәһнатта болғай қабірің,-
деп түйіндейді.*

Ақындардың жоқтау өлеңдеріне назар аударғанда фольклорлық дәстүрді сақтаған және кейбір көркемдеу құралдары да (қой аңдыған қасқырдай, толған айдай, шолпандай болып таңдағы, ақсұңқар құстай, сары алтындай т.б.) фольклордан алынған. Сондай-ақ, «биссмилла деп бастайын», «әуелі сөзді бастайын», «биссмилла деп әуелі» т.б. деп келетін дәстүрлі жолдар да қайталанып отырады. Сондықтан бұл топтағы шығармаларды жоқтау үлгісіндегі туындылар деп айтуға болады. Ақындар көнеден келе жатқан мұң-шер өлеңдерінің негізінде жоқтаулар жазып оны дамытқан.

Сонымен бірге дыбыс, сөз қайталау да фольклорға тән ерекшеліктің бірі десек, аталған ақындар шығармаларында мұндай ерекшеліктер де кездесіп отырады.

Біреу ғана мысал келтірейік. Ақыттың «Ынтымақсыз ел азар» деген өлеңінде «азар» сөзі жиырма екі рет, ал «Биссмилла тәңірім бір болар» өлеңінде «күн болар» сөзі қырық екі рет қайталанса, Таңжарықта «Сәлем» деген сөз он бір рет және «Өткен күн» өлеңінде «күн» деген сөз тоғыз рет қайталаыады. Бұлардан шығатын қортынды шыңжаң қазақ әдебиетінің қалыптасуына үлес қосқан ақындардың кейбір шығармалары фольклорлық дәстүрге өте жақындық танытады.

Таңжарық бата-тілек, қарғыс түрінде де өлең жазған ақын. Оның «Шын тілек» өлеңінде:

*Араздық, алалықты өсірмес қыл,
Қымызға қызып алып өсірмес қыл.
Тұйықтап бас- аяғын біздің елдің
Тау- тасқа бұрынғыдай көшірмес қыл!*

Лирикалық кейіпкер халық үшін шын тілек тілейді. Негізгі мақсаты тау-тасты сағалап көше бермей, араздық, алалығы жоқ берекелі, озық ел болу. Бұл өлеңде дәстүрлі бата өлеңінде кездесетін тұрақты, көп өзгере бермейтін жаттанды сөздер жоқ. Көпшілікті жаңалыққа шақыру, үндеу сипаты басым. Осы өлеңнің екінші бөлігі қарғыс түрінде келеді, сатқындық жасау арқылы ел үшін бүлдіріп, момындардың обалына қалғандарға назаланған ақын:

*Жерге еңсін елдің ішін бүлдіргендер,
Жоқты езіп залымдарды күлдіргендер.
Арамға жанын жсалдап, арын сатып
Қармаққа момындарды ілдіргендер,-
деп қарғыс айтады.*

Бұдан шығар түйін сол Ақыт, Таңжарық, Көдек тұрмыс-салт жырларының бұл түрлерін дамытып өз замандарына лайық жаңаша мазмұн беріп жырлаған. Сонымен бірге олар халық әдебиетінің өшпес өнегесін терең түсіне отырып одан үйреніп тәлім алған. Екіншіден, жоғарыда есімдері аталған ақындардың бәрі де өлеңдерін жазып та шығарған, реті келгенде қысқа қайырым өлеңдерді суырып салып та айта білген. Ал Әріпжан бірер рет айтысқа түссе, Таңжарық ірі айтыс ақыны ретінде танымал болған дарын иесі. Сондықтан жазу мен ауызша айту бұлардың екі қыры деуге болады. Басқаша айтқанда дәстүрді жаңашалықпен ұштастыра отырып, еліміз қазақ әдебиетін дамытуға үлес қосқан.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметов З. Олсз сздің теориясы. - Алматы, 1973. - 212 б.
- 2 Сейітжанұлы З. Шыңжаң казак әдебиеті. - Алматы, 1999. - 185 б.
- 3 Кәсейұлы Б. Қазак әдебиетінің тарихы 1-кітап. - Үрімжі, 2002, 886 б.

Ысқақұлы С.

К.ф.н., профессор, Илийский педагогический университет, Күлжа, Китай

**ПРИМЕРЫ ФОЛЬКЛОРА В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ В СРЕДНИЕ ВЕКА
КИТАЯ**

Аннотация: Статья посвящена анализу некоторых казахских литературных произведений написанными казахами из Китая. Источником вдохновения при их создании послужило устное казахское народное литературное творчество, так как казахи, проживающие в Китае, очень бережно и трепетно относятся к сохранению родного языка и народного творчества. Главное для китайских казахов – это не только не забыть и сохранить родной язык и культуру, но и передать это наследие будущим поколениям. Можно с полной ответственностью утверждать, что практически все казахские литературные деятели Китая выросли и использовали в своем творчестве народный казахский фольклор и тесно поддерживали отношения со своим родным народом. Выбрав свой творческий путь, они начинали с изучения казахского народного творчества, особенно устного (песни, поэмы, эпосы и т.д.), литературных и исторических памятников, культуры казахского народа, что помогло им сохранить свои корни, проживая в другой стране.

Ключевые слова: народные, поэзия, народная устная литература.

Ысқақұлы С.

К.ф.н., профессор, Илийский педагогический университет, Күлжа, Китай

**FOLKLORE EXAMPLES OF KAZAKH LITERATURE IN THE MIDDLE AGES IN
CHINA**

Abstract: This article analyzes some of the Kazakh literary works written by Kazakhs from China. The source of inspiration in their creation was verbal Kazakh folk literary works; as Kazakhs living in China were very careful and sensitive in preservation of their language and folklore. The main thing for the Chinese Kazakhs - was not only remembering and preserving their native language and culture, but also passing this heritage on to future generations. It can be asserted with full responsibility, that almost all Kazakh literary figures of China grew up and used in their works popular Kazakh folklore, and closely maintained relations with their native people. Choosing their own creative way, they began by studying Kazakh folk art, especially oral (songs, poems, epics, etc.), literary, and historical monuments, culture of Kazakh people, which helped them maintaining their roots, though living in another country.

Key words: Folklore, poetry, oral folk literature.